

Ипотекалық ұйымдардың қаржылық есеп беру тізбесі, нысандары мен мерзімдері туралы нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқарамасының қаулысы 2002 жылғы 23 желтоқсандағы N 508. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 25 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 2138. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2009 жылғы 25 мамырдағы N 49 қаулысымен.

Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.05.25 N 49 қаулысымен.

Ескерту: Атауына өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2004.12.15. N 179 , 2006.08.12. N 79 , 2007.07.20. N 84 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Қаулыларымен.

Ипотекалық ұйымдардың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы
қ а у л ы е т е д і :

Ескерту: Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 12 тамыздағы N 79 , 2007.07.20. N 84 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

1. Ипотекалық ұйымдардың қаржылық есеп беру тізбесі, нысандары мен мерзімдері туралы нұсқаулық бекітілсін.

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 179 , 2006 жылғы 12 тамыздағы N 79 , 2007.07.20. N 84 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Қаулылармен.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енеді.

3. Қаржылық қадағалау департаменті (Бахмутова Е.Л.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне және аумақтық филиалдарына жіберсін.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдары осы

қаулыны алған күннен бастап үш күндік мерзімде оны ипотекалық ұйымдарға
ж і б е р с і н .

Ескерту: 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 12 тамыздағы N 79 , 2007.07.20. N 84 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

5. Осы қаулы күшіне енген күннен бастап осы қаулының қосымшасына сәйкес нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.Ғ.Сәйденовке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2002 жылғы 23 желтоқсандағы
N 508 қаулысымен бекітілген

**Ипотекалық ұйымдардың қаржылық есеп беру тізбесі, нысандары мен мерзімдері
т у р а л ы
нұсқаулық**

Ескерту: Мәтіннің жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтінге, атауына өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 179 , 2006 жылғы 12 тамыздағы N 79 қаулылармен.

Ескерту: Нұсқаулықтың тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша "ипотекалық компаниялардың", "ипотекалық компаниялар", "ипотекалық компанияның", "ипотекалық компания" деген сөздер тиісінше "ипотекалық ұйымдардың", "ипотекалық ұйымдар", "ипотекалық ұйымның", "ипотекалық ұйым" "ипотекалық ұйымдарының" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2007.07.20. N 84 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық банк заңдарына сәйкес әзірленген ипотекалық ұйымдардың қаржы нарығына және қаржы ұйымдарына реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органға (бұдан әрі - уәкілетті органға) қаржылық есеп беру тізбесін, нысандарын және мерзімдерін белгілейді.

Ескерту: 1-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі төрағасының 2004 жылғы 23 ақпандағы N 20, ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі төрағасының 2004 жылғы 23 ақпандағы N 61 бірлескен қаулысымен , ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 179 , 2006 жылғы 12 тамыздағы N 79 қаулылармен.

2. Осы Нұсқаулықтың мақсаты ипотекалық ұйымдардың уәкілетті органға беретін қаржылық есебі бірыңғай талаптар белгілеу болып табылады.

Ескерту: 2-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі төрағасының 2004 жылғы 23 ақпандағы N 20, ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі төрағасының 2004 жылғы 23 ақпандағы N 61 бірлескен қаулысымен , ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 179 , 2006 жылғы 12 тамыздағы N 79 қаулылармен.

3. Ипотекалық ұйымдардың қаржылық есебі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп жөніндегі заңдарында белгіленген талаптарға және осы Нұсқаулыққа сәйкес жасалады.

Ескерту: 3-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 179 , 2006 жылғы 12 тамыздағы N 79 қаулылармен.

4 . < * >

Ескерту: 4-тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі төрағасының 2004 жылғы 23 ақпандағы N 20, ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі төрағасының 2004 жылғы 23 ақпандағы N 61 бірлескен қаулысымен .

2-тарау. Есеп беру

5. Ипотекалық ұйымдардың қаржылық есебіне:

- 1) бухгалтерлік баланс - N 1 нысан (осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасы);
- 2) пайда және зиян туралы есеп - N 2 нысан (осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасы) ;
- 3) ақша қаражаты қозғалысы туралы есеп (жанама әдіс) - N 3 нысан (осы Нұсқаулықтың 3-қосымшасы) кіреді;
- 4) капиталдағы өзгерістер туралы есеп - N 4 нысан (осы Нұсқаулықтың 3-1-қосымшасы) ;
- 5) түсіндірме жазба .

Ескерту: 5-тармаққа өзгерту мен толықтырулар енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі төрағасының 2004.02.23. N 20, ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі төрағасының 2004.02.23. N 61 бірлескен қаулысымен , ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006.08.12. N 79 , 2007.07.20. N 84 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Қаулылармен.

6 . < * >

Ескерту: 6-тармаққа өзгерту мен толықтырулар енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі төрағасының 2004 жылғы 23 ақпандағы N 20, ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі төрағасының 2004 жылғы

23 ақпандағы N 61 бірлескен қаулысымен .

Ескерту: 6-тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 179 қаулысымен .

7. Ипотекалық ұйымдар уәкілетті органға мынадай кезеңділікпен қаржылық (бұдан әрі - есеп) ұсынады :

тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі төртінші жұмыс күнінің Астана уақыты бойынша сағат 18.00-ден кешіктірмей осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасына сәйкес бухгалтерлік баланс, осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасына сәйкес пайда және зиян туралы есеп;

жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың бірінші сәуірінен кешіктірмей есепті жылдың 1 қаңтарынан 31 желтоқсаны аралығындағы кезеңде осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасына сәйкес бухгалтерлік баланс, осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасына сәйкес пайда және зиян туралы есеп, осы Нұсқаулықтың 3-қосымшасына сәйкес ақша қаражаты қозғалысы туралы есеп (жанама әдіс), осы Нұсқаулықтың 3-1 қосымшасына сәйкес капиталдағы өзгерістер туралы есеп, түсіндірме жазба, есепті жылға қаржылық есепке жүргізілген аудит нәтижелері бойынша аудиторлық есеп (еншілес ұйымдар болған жағдайда - есепті жылдың шоғырландырылған қаржылық есебіне жүргізілген аудит нәтижелері бойынша аудиторлық есеп) .

Ескерту: 7-тармақ жаңа редакцияда жазылды, өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі төрағасының 2004 жылғы 23 ақпандағы N 20, ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі төрағасының 2004 жылғы 23 ақпандағы N 61 бірлескен қаулысымен , ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 179 , 2006 жылғы 12 тамыздағы N 79 , 2007.07.20. N 84 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Қаулылармен.

8. Ипотекалық ұйымдар уәкілетті органға есепті электрондық тасымалдауышпен және қағаз түрінде береді.

Ескерту: 8-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі төрағасының 2004 жылғы 23 ақпандағы N 20, ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі төрағасының 2004 жылғы 23 ақпандағы N 61 бірлескен қаулысымен , ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 12 тамыздағы N 79 қаулылармен.

9. Қағаз түріндегі есеп электрондық тасымалдауышпен берілген есепке сәйкес болуға тиіс.

10. Қағаз түріндегі есеп үш данада жасалып, есептің екі данасы уәкілетті органына беріледі, үшінші данасы ипотекалық ұйымда қалады. Қағаз түріндегі есепке бірінші басшы, бас бухгалтер немесе олардың қол қою құқығы бар орынбасарлары қол қояды және ипотекалық ұйымның мөрімен расталады.

Ескерту: 10-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі төрағасының 2004 жылғы 23 ақпандағы N 20, ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі төрағасының 2004 жылғы 23 ақпандағы N 61 бірлескен қаулысымен , ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 12 тамыздағы N 79 қаулылармен.

1 1 . < * >

Ескерту: 11-тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі төрағасының 2004 жылғы 23 ақпандағы N 20, ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі төрағасының 2004 жылғы 23 ақпандағы N 61 бірлескен қаулысымен .

12. Есептің деректері ұлттық валютамен - теңгемен көрсетіледі.

13. Есеп жасағанда пайдаланылатын өлшем бірлігі мың теңгемен белгіленеді. Есептегі бес жүз теңгеден кем сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал бес жүз теңгеге тең және одан жоғарғы сома мың теңгеге дейін дөңгелектенеді.

14. Түзетілген және өшірілген қағаз түріндегі есепті уәкілетті орган қабылдамайды және кері қайтарады.

Ескерту: 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі төрағасының 2004 жылғы 23 ақпандағы N 20, ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі төрағасының 2004 жылғы 23 ақпандағы N 61 бірлескен қаулысымен .

15. Есепке өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу қажет болған жағдайда, ипотекалық ұйым есеп берген күннен бастап үш күндік мерзімде өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу қажеттілігінің себептерін түсіндіріп, уәкілетті органына жазбаша өтініш хат жібереді.

Ескерту: 15-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі төрағасының 2004 жылғы 23 ақпандағы N 20, ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі төрағасының 2004 жылғы 23 ақпандағы N 61 бірлескен қаулысымен , ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 12 тамыздағы N 79 қаулылармен.

1 6 . < * >

Ескерту: 16-тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі төрағасының 2004 жылғы 23 ақпандағы N 20, ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі төрағасының 2004 жылғы 23 ақпандағы N 61 бірлескен қаулысымен .

17. Уәкілетті органы ипотекалық ұйымның ұсынған есебінде дәлсіздіктер немесе қателер анықтаған жағдайда, оны пысықтау үшін қайтаруға құқылы.

Ескерту: 17-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі төрағасының 2004 жылғы 23 ақпандағы N 20, ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі төрағасының 2004 жылғы 23 ақпандағы

N 61 бірлескен қаулысымен , ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 12 тамыздағы N 79 қаулылармен.

1 8 . < * >

Ескерту: 18-тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі төрағасының 2004 жылғы 23 ақпандағы N 20, ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі төрағасының 2004 жылғы 23 ақпандағы N 61 бірлескен қаулысымен .

19. Уәкілетті орган өзінің өкілеттігі шегінде және өздерінің бақылау және қадағалау функциясын атқару мақсатында жекелеген күндерге тиісті қосымшаларымен және нысандарымен берілген есеп, сондай-ақ растайтын құжаттар талап етуге құқылы .

Ескерту: 19-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі төрағасының 2004 жылғы 23 ақпандағы N 20, ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі төрағасының 2004 жылғы 23 ақпандағы N 61 бірлескен қаулысымен .

20. Ипотекалық ұйым есеп бермегені немесе осы Нұсқаулықтың 7-тармағында көрсетілген есеп беру мерзімін бұзғаны, сондай-ақ толық емес және шынайы емес ақпарат бергені үшін Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жауап береді .

Ескерту: 20-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі төрағасының 2004 жылғы 23 ақпандағы N 20, ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі төрағасының 2004 жылғы 23 ақпандағы N 61 бірлескен қаулысымен , ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 12 тамыздағы N 79 қаулылармен.

3-тарау. Қорытынды ережелер

21. Осы Нұсқаулықпен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шешіледі.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
"Ипотекалық ұйымдардың
қаржылық есеп беру тізбесі,
нысандары мен мерзімдері туралы
нұсқаулықты бекіту туралы"
2002 жылғы 23 желтоқсандағы
N 508 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің күші жойылды деп танылған нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мынадай нормативтік құқықтық актілерінің:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Кредиттік серіктестіктердің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ай сайын баланс пен пруденциалдық нормативтерді және басқа сақталуға міндетті нормалар мен лимиттерді есептеу үшін қосымша мәліметтер беру тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 1999 жылғы 17 шілдедегі N 217 қаулысының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 909 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" басылымдарында 1999 жылғы 27 қыркүйек-10 қазанда жарияланған);

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Кредиттік серіктестіктердің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ай сайын баланс пен пруденциалдық нормативтерді және басқа сақталуға міндетті нормалар мен лимиттерді есептеу үшін қосымша мәліметтер беру тәртібі туралы нұсқаулыққа толықтыруларды бекіту туралы" 1999 жылғы 25 желтоқсандағы N 436 қаулысының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1046 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" басылымдарында 2000 жылғы 24 сәуір-7 мамырда жарияланған);

3) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Кредиттік серіктестіктердің қаржылық және реттеуші есебін жасау және ұсыну ережесін бекіту туралы" 1999 жылғы 25 желтоқсандағы N 472 қаулысының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1093 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" басылымдарында 2000 жылғы 27 наурыз-9 сәуірде жарияланған);

4) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Кредиттік серіктестіктердің қаржылық және реттеуші есебін жасау және ұсыну ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 25 желтоқсандағы N 472 қаулысымен бекітілген Кредиттік серіктестіктердің қаржылық және реттеуші есебін жасау және ұсыну ережесін өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" 2000 жылғы 13 қазандағы N 387 қаулысының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1331 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" басылымдарында 2000 жылғы 18-31 желтоқсанда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

Ипотекалық ұйымдардың қаржылық
есеп беру тізбесі, нысандары
мен мерзімдері туралы нұсқаулыққа
1 - қ о с ы м ш а

1-нысан

Ескерту: Қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтінге, атауына өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 179 , 2006 жылғы 12 тамыздағы N 79 , 2007.07.20. N 84 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Қаулылармен.

Ескерту: 1-қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі төрағасының 2004 жылғы 23 ақпандағы N 20, ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі төрағасының 2004 жылғы 23 ақпандағы N 61 бірлескен қаулысымен , өзгерту енгізілді - 2007.07.20. N 84 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

**200___ жылғы жағдай бойынша
бухгалтерлік баланс**

(ипотекалық ұйымның толық атауы)

м ы ң т е ң г е м е н

Активтер	Ескерту 200_	есепті	
		жылғы	кезеңнің
		31	соңында
		ж е л .	
		т о қ с а н д а	
1	2	3	4
Ақша және ақша баламалары			1
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдар мен корреспонденттік ш о т т а р			2
Саудаға арналған бағалы қағаздар (ықтимал шығындарға арналған резервтерді шегергенде)			3
Туынды қаржы құралдары,			3-1
Банктердегі және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы салымдар мен корреспонденттік шоттар (ықтимал шығындарға арналған			4

резервтерді	шегергенде)				
Заемдар және қаржылық жалдау (ықтимал шығындарға арналған резервтерді шегергенде)	5				
Клиенттерге қойылатын басқа талаптар (ықтимал шығындарға арналған резервтерді шегергенде)	6				
Басқа бағалы қағаздар (ықтимал шығындарға арналған резервтерді шегергенде)	7				
Капиталға инвестициялар және реттелген борыш	8				
Материалдық емес активтер (амортизацияны шегергенде)	9				
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер,	9-1				
Инвестициялық жылжымайтын мүлік,	9-2				
Негізгі құрал-жабдықтар (амортизацияны шегергенде)	10				
Басқа активтер (ықтимал шығындарға арналған резервтерді шегергенде)	11				
Активтердің жиынтығы	12				

М і н д е т т е м е л е р

Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың салымдары	13				
Жеке және заңды тұлғалардың салымдары мен ағымдағы шоттары	14				
Қазақстан Республикасы Үкіметінің алдындағы б е р е ш е к	15				
Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың алдындағы берешек	16				
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	17				
Басқа тартылған қаражат	18				
Реттелген борыш	19				
Салық міндеттемелері	20				
Туынды қаржы құралдары,	20-1				
Басқа міндеттемелер	21				

Бағалау міндеттемелері,	21-1
Міндеттемелердің жиынтығы	22
Азшылық үлесі	23
Азшылық үлесін ескере отырып	
міндеттемелердің жиынтығы	24

К а п и т а л

Жарғылық капитал, оның ішінде:	25
жай акциялар	26
артықшылықты акциялар	27
Сыйлықақылар (Қосымша төленген капитал)	28
Алынған капитал	29
Резервтік капитал	30
Басқа резервтер	31
Таза пайда (шығын):	32
Алдыңғы жылдардың таза пайдасы (шығыны)	33
Есепті кезеңнің таза пайдасы (шығыны)	34
Капиталдың жиынтығы:	35
Капитал мен міндеттемелер жиынтығы:	36

Бірінші басшы: _____

Бас бухгалтер: _____

орындаушы: _____

телефоны: _____

Мөр орны

Ипотекалық ұйымдардың қаржылық
есеп беру тізбесі, нысандары
мен мерзімдері туралы нұсқаулыққа
2 - қ о с ы м ш а

N 2 нысан

Ескерту: Қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтінге, атауына өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 179 , 2006 жылғы 12 тамыздағы N 79 , 2007.07.20. N 84 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Қаулылармен.

Ескерту: 2-қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі төрағасының 2004 жылғы 23 ақпандағы N 20, ҚР Қаржы нарығын және қаржы

ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі төрағасының 2004 жылғы 23 ақпандағы N 61 бірлескен қаулысымен , өзгерту енгізілді - 2007.07.20. N 84 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз).

**200___ жылғы жағдай бойынша
пайда және зиян туралы есеп**

(ипотекалық ұйымның толық атауы)

мың теңгемен

Баптардың атауы	Ескерту Есепті	Ағымдағы Алдыңғы Алдыңғы	жылдың жылдың жылдың	жылдың жылдың жылдың	жылдың жылдың жылдың

1 2 3 4 5 6

Сыйақы	алуға	байланысты			
кірістер,	оның ішінде:				1
корреспонденттік		шоттар			
және	орналастырылған				
салымдар	бойынша				2
берілген	заемдар	және			
қаржылық	жалдау	бойынша			3
бағалы	қағаздар	бойынша			4
сыйақы	алуға	байланысты			
басқа	кірістер				5
Сыйақы	төлеуге	байланысты			
шығыстар:					6
ағымдағы	шоттар	және			
тартылған	салымдар	бойынша			7
алынған	заемдар	бойынша			8
бағалы	қағаздар	бойынша			9
сыйақы	төлеуге	байланысты			
басқа	шығыстар				10
Заемдар	бойынша	ықтимал			

шығынға қалыптастырғанға сыйақы таза кіріс	арналған алуға (шығыс)	резервті дейін байланысты	1 1
Заемдар шығынға / (резервтерді келтіру)	бойынша арналған	ықтимал резервтер қалпына	1 2
Сыйақы таза кіріс	алуға (шығыс)	байланысты	1 3
Дивидендтер кірістер		түріндегі	1 4
Комиссиялық түріндегі кірістер	және	алымдар	1 5
Комиссиялық алымдарды шығыстар	төлеу	және жөніндегі	1 6
Бағалы арудан/сатудан кірістер (нетто)	қағаздарды	сатып түскен (шығыстар)	1 7
"РЕПО" бойынша (шығыстар)	(нетто)	операциялары кірістер	1 8
Саудаға бағалы құнның кірістер (нетто)		арналған қағаздар өзгеруінен (шығыстар)	1 9
Шетел операциялар кірістер (нетто)		валютасымен бойынша (шығыстар)	2 0
Шетел көрсетілген активтерді кірістері (нетто)	қайта	валютасында қаржылық бағалау (шығыстары)	2 1
Қауымдасқан		ұйымдарға	

қатысуға		байланысты	
кірістер			2 2
Қаржылық	емес	активтерді	
сатудан	және	активтерді	
алудан	түскен	кірістер	2 3
Сыйақы	алуға	байланысты	
емес	басқа	операциялық	
кірістер			2 4
Сыйақы	алуға	байланысы	
жоқ	таза	кіріс (шығыс)	2 5
Жалпы	және	әкімшілік	
шығыстар			2 6
оның		ішінде :	
еңбекақы	және	іссапар	
төлемдеріне		арналған	
шығыстар			2 7
амортизациялық		аударымдар	
және	тозу		2 8
корпоративтік		табыс	
салығын	қоспағанда	салықтар	
және	бюджетке	басқа	
міндетті	төлемдер	төлеу	
бойынша	шығыстар		2 9
Қаржылық	емес	активтерді	
сатудан	және	активтерді	
беруден	шығыстар		3 0
Сыйақы	төлеуге	байланысы	
жоқ	басқа	операциялық	
шығыстар			3 1
Басқа	операциялар	бойынша	
резервтерді			
қалыптастырғанға		дейінгі	
және	салық	салғанға	
дейінгі	пайда (шығыс)		3 2
Басқа	операциялар	бойынша	
ықтимал	шығынға	арналған	
резервтер/(резервтерді			
қалпына келтіру)			3 3
Болжанбаған		кірістер	

(шығыс)			3 4
Кезең ішіндегі пайда (зиян),			34-1
Тоқтатылған қызметтен пайда (зиян),			3 4 - 2
Салық салғанға дейінгі пайда (шығыс)			3 5
Корпоративті табыс салығы			3 6
Азшылық үлесіне дейінгі таза пайда (шығыс)			3 7
Азшылықтың үлесі			3 8
Таза кірістің (шығыс)			
жиынтығы			3 9

Бірінші басшы: _____
Бас бухгалтер: _____
орындаушы: _____
телефоны: _____

Мөр орны

Ипотекалық ұйымдардың қаржылық есеп беру тізбесі, нысандары мен мерзімдері туралы нұсқаулыққа
3 - қ о с ы м ш а

3-нысан

Ескерту: Қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтінге, атауына өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 179 , 2006 жылғы 12 тамыздағы N 79 , 2007.07.20. N 84 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Қаулылармен.

Ескерту: 3-қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі төрағасының 2004 жылғы 23 ақпандағы N 20, ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі төрағасының 2004 жылғы 23 ақпандағы N 61 бірлескен қаулысымен , , 2007.07.20. N 84 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

**200___ жылғы жағдай бойынша
ақша қаражаты қозғалысы туралы есеп (жанама әдіс)**

(ипотекалық ұйымның толық атауы)
(мың теңгемен)

Баптың атауы

|Ескерту|Ағымдағы|Алдыңғы

	жылдың	жылдың
	басынан	басынан
	кезеңге	ұқсас
	(өспелі	кезеңге
	жиынтық.	(өспелі
	пен)	жиынтық.
		пен)

1	2	3	4
Салық салғанға дейінгі пайда (шығын)			1
Ақшалай емес операциялық баптарға түзету:			2
амортизациялық аударым және тозу			3
күмәнды борыштар бойынша резервтер			4
бойынша шығыстар			4
шетел валютасымен операциялар бойынша			5
жұмсалмаған кірістер мен шығыстар			5
алынатын сыйақы түрінде есептелген кірістер			6
сыйақы төлеу бойынша есептелген шығыстар			7
ақшалай емес баптарға басқа түзетулер			8
Операциялық активтер мен міндеттемелер			
өзгергенге дейінгі операциялық кіріс (шығыс)			9
Операциялық активтердегі (ұлғаю) азаю			10
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі			
салымдар мен корреспонденттік шоттардың			
(ұлғаюы) азаюы			11
Саудаға арналған және сату үшін қолда			
бар бағалы қағаздардың (ұлғаюы) азаюы			12
Банктердегі және банк операцияларының			
жекелеген түрлерін жүзеге асыратын			
ұйымдардағы салымдар мен корреспонденттік			
шоттардың (ұлғаюы) азаюы			13
Заемдар мен қаржылық жалдаудың (ұлғаюы)			
азаюы			14
Клиенттерге басқа талаптардың (ұлғаюы)			
азаюы			15
Басқа активтердің (ұлғаюы) азаюы			16
Операциялық міндеттемелердегі (ұлғаю) азаю			17
Банктердегі және банк операцияларының			

жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы салымдардың (ұлғаюы) азаюы	18
Жеке және заңды тұлғалардың салымдары мен ағымдағы шоттарының (ұлғаюы) азаюы	19
Қазақстан Республикасы Үкіметінің алдындағы берешектің (ұлғаюы) азаюы	20
Банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың алдындағы берешектің (ұлғаюы) а з а ю ы	2 1
Басқа тартылған қаражаттың (ұлғаюы) азаюы	22
Салық міндеттемелерінің (ұлғаюы) азаюы	23
Басқа міндеттемелердің (ұлғаюы) азаюы	24
Операциялық қызметтен ақшаның ұлғаюы немесе а з а ю ы	2 5
Есептелген корпоративтік табыс салығы	26
Салық салғаннан кейін операциялық қызметтен ақша ұлғаюының (азаюының) жиынтығы	27
Инвестициялық қызметке байланысты ақша түсімі мен төлемдер	28
Өтегенге дейін ұсталатын бағалы қағаздарды с а т ы п а л у	2 9
Өтегенге дейін ұсталатын бағалы қағаздарды с а т у	3 0
Негізгі құрал-жабдықтарды және материалдық емес активтерді сатып алу	31
Негізгі құрал-жабдықтар мен материалдық емес активтерді сату	32
Басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар және реттелген борыш	33
Басқа түсімдер мен төлемдер	34
Инвестициялық қызметтен түсетін ақшаның ұлғаю немесе азаю жиынтығы	35
Қаржылық қызметке байланысты ақшалай түсімдер мен төлемдер	36
Жарғылық капиталдағы өзгерістер	37
Борыштық міндеттемелерді шығару	38
Сатып алынған меншік акциялар немесе қатысушылардың үлестері	39

Есеп саясатындағы өзгерістер және қателерді түзету							
Өткен кезеңнің басында қайта есептелген сальдо							
Негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалау							
Сатуға арналған қолда бар бағалы қағаздар құнының өзгеруі							
Ақша ағынын хеджирлеу							
Басқа операциялардан түскен пайда (зиян)							
Капиталдың өзінде тікелей танылған пайда (зиян)							
Кезең ішіндегі пайда (зиян)							
Кезең ішіндегі барлық пайда (зиян)							
Дивидендтер							
Акцияларды эмиссиялау							
Сатып алынған акциялар							
Ішкі аударымдар							
оның ішінде:							
негізгі құрал-жабдықтардың жинақталған қайта бағалауының өзгеруі							
резервтік капиталды қалыптастыру							
Басқа да операциялар							
Есепті кезеңнің басындағы сальдо							

Есеп саясатындағы өзгерістер және кателерді түзету							
Есепті кезеңнің басындағы қайта саналған сальдо							
Негізгі құрал-жабдықтарды қайта бағалау							
Сатуға арналған қолда бар бағалы қағаздар құнының өзгеруі							
Ақша ағынын хеджирлеу							
Басқа операциялардан түскен пайда (зиян)							
Капиталдың тікелей өзінде танылған пайда (зиян)							
Кезең ішіндегі пайда (зиян)							
Кезең ішіндегі барлық пайда (зиян)							
Дивидендтер							
Акцияларды эмиссиялау							
Сатып алынған акциялар							
Ішкі аударымдар							
оның ішінде:							
негізгі құрал-жабдықтардың жинақталған қайта бағалауының өзгеруі							
резервтік капиталды қалыптастыру							
Басқа да операциялар							
Есепті кезеңнің аяғындағы сальдо							

"Бас ұйымның капиталы" және "Азшылықтың үлесі" бағандары шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау кезінде толтырылады.

Шоғырландырылмаған қаржылық есептілікті жасау кезінде немесе еншілес ұйымдары болмағанда ипотекалық ұйымдар 2-6-бағандарды толтырады.

Бірінші басшы _____ Күні _____

Бас бухгалтер _____ Күні _____

Орындаушы _____

Телефон _____

Мөрдiң орны _____

Кредиттік серіктестіктердің және
ипотекалық компаниялардың қаржылық
есеп пен қаржылық есепке қосымша мәліметтер
беру тізбесі, нысандары мен мерзімдері
туралы Нұсқаулыққа 4-қосымша

К ө ң і л а у д а р ы ң ы з !

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 179
қаулысымен **Нұсқаулықтың 6-тармағы алынып тасталды, қаулы 2005 жылғы 1**
ақпаннан бастап қолданысқа енгізіледі.

200 ___ жылғы " ___ " _____

_____ (кредиттік серіктестіктің немесе ипотекалық
компанияның толық атауы)

кредиттік серіктестіктер үшін пруденциалдық нормативтерді
есептеуге арналған қосымша деректер

м ы ң т е ң г е м е н

Белгі| Белгінің атауы |Сомасы

8001	Кредиттік серіктестік қатысушыларының қосымша ж а р н а л а р ы	
8002	Кредиттік серіктестіктің қатысушыға қоятын талабының (оның ішінде берілген заем, ұсынылған лизинг бойынша) сомасы, сондай-ақ кредиттік серіктестік қатысушысының ақша түріндегі, оның ішінде кредиттік серіктестіктің банктік шоттарындағы міндеттемелері бойынша қамтамасыз ету сомасын шегергенде кредиттік серіктестік қатысушысының алдындағы шартты міндеттемелер (оның ішінде кредиттік серіктестік қатысушылары үшін ақшалай нысанда орындауды көздейтін банктік кепілдік, кепілдеме және өзге де міндеттемелер), мемлекеттік бағалы қағаздар, екінші деңгейдегі банктердің кепілдіктері мен бағалы қағаздары, сауда-саттық ұйымдастырушының ресми тізіміне ең жоғары санатпен кірген бағалы қағаздар, кредиттік серіктестікке сейфтік сақтауға берілген	

тазартылған қымбат металдар. Осы сомалардың есебіне кредиттік серіктестіктің қатысушыға "Аграрлық кредиттік корпорация" акционерлік қоғамынан алынған кредиттер есебінен сатып алынған талаптар қосылмайды.

- 8003 Мемлекеттік бағалы қағаздар
- 8004 Мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша есептелген сыйақы
- 8006 "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамының "А" санатындағы ресми тізіміне қосылған бағалы қағаздар
- 8007 Оларды қайта сатып алу талабымен сатылған немесе кредиттік серіктестіктің міндеттемелері бойынша қамтамасыз ету болып табылатын бағалы қағаздар
- 8008 Екінші деңгейдегі банктердегі талап ету бойынша депозиттер, "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамының "А" санатындағы ресми тізіміне қосылған бағалы қағаздар
- 8009 Талап ету бойынша басқа міндеттемелер, оның ішінде төлемдер мен ақша аударымдары, жүзеге асыру мерзімі бір айдан аспайтын немесе олар бойынша оларды жүзеге асыру мерзімдері белгіленбеген қолма-қол ақша беру бойынша міндеттемелер
- 8010 "Аграрлық кредиттік корпорация" акционерлік қоғамынан алынған кредиттер бойынша міндеттемелер
- 8011 Өз қатысушыларына "Аграрлық кредиттік корпорация" акционерлік қоғамынан алынған кредиттер есебінен берілген кредиттер бойынша талаптар

Бірінші басшы: _____

Бас бухгалтер: _____

орындаушы: _____

телефоны: _____

Мөр орны

Кредиттік серіктестіктердің және
ипотекалық компаниялардың қаржылық
есеп пен қаржылық есепке қосымша мәліметтер
беру тізбесі, нысандары мен мерзімдері
туралы Нұсқаулыққа 5-қосымша

К ө н і л а у д а р ы ң ы з !

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 179

қаулысымен *Нұсқаулықтың 6-тармағы алынып тасталды, қаулы 2005 жылғы 1 ақпаннан бастап қолданысқа енгізіледі.*

200__ жылғы "___"_____

(кредиттік серіктестіктің немесе ипотекалық компанияның толық атауы)

берілген заемдар мен қаржылық лизинг туралы есеп

мың теңгемен

Заемдар	Символ	Есепті күнгі
		заемдардың қалдығы
1	2	3
Банктерге және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға заемдар:		100
Заңды тұлғаларға заемдар:		200
Ауыл шаруашылық мақсаттарға		210
Өндірістік мақсаттарға		220
Құрылысқа		230
Жылжымайтын мүлік сатып алуға		240
Қызмет көрсету саласын дамытуға		250
Басқа заемдар		260
Жеке тұлғаларға заемдар:		300
Ауыл шаруашылық мақсаттарға		310
Тұтынушылық мақсаттарға		320
Тұрғын үй сатып алуға		330
Құрылысқа		340
Қызмет көрсету саласын дамытуға		350
Басқа заемдар		360
Кепіл типі бойынша заемдар:		
Ломбардтық		410
Жылжымайтын мүлік		420
Кепілдіктер және кепілдемелер		430
Басқа қамтамасыз ету		440
Бланктік		450

Шағын	Олардың кәсіпкерлік берілген	ішінде: субъектілеріне заемдар:
	Заңды тұлғаларға	510
	Жеке кәсіпкерлерге	520
Шағын берілген ішінде	кәсіпкерлік заемдардың жиынтығы,	субъектілеріне оның
	Ауыл шаруашылық мақсаттарға	501
	Өндірістік мақсаттарға	502
	Құрылысқа	503
	Жылжымайтын мүлік сатып алуға	504
	Қызмет көрсету саласын дамытуға	505
	Басқа заемдар	506

Қаржы лизингі

Банктерге жекелеген ұйымдарға	және түрлерін	банк жүзеге	операцияларының асыратын	610
Заңды тұлғаларға				620
Жеке тұлғаларға				630
Қаржы лизингінің жиынтығы				600

Анықтама алынған	үшін: сыйақы	Заемдар ставкасы	бойынша орташа (проценттерде)	
Банктерге жекелеген ұйымдарға	және түрлерін	банк жүзеге	операцияларының асыратын	
Заңды тұлғаларға	заемдар			700
Жеке тұлғаларға	заемдар:			800
				900

Бірінші басшы: _____ күні _____
 Бас бухгалтер: _____ күні _____
 орындаушы: _____

телефоны: _____

Мөр орны
Кредиттік серіктестіктердің және
ипотекалық компаниялардың қаржылық
есеп пен қаржылық есепке қосымша мәліметтер
беру тізбесі, нысандары мен мерзімдері
туралы Нұсқаулыққа 6-қосымша

К ө н і л а у д а р ы ң ы з !

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 179 қаулысымен Нұсқаулықтың 6-тармағы алынып тасталды, қаулы 2005 жылғы 1 ақпаннан бастап қолданысқа енгізіледі.

Р Н Н н ө м і р і
О К П О к о д ы
Б Б К
Ж Б К
Т і р к е у н ө м і р і
Қ ы з м е т т ү р і
О р н а л а с қ а н ж е р і

Салымдар және ағымдағы шоттар жөніндегі есеп

(кредиттік серіктестіктің толық атауы)

_____ жылғы "___" жағдай бойынша

_____ мың теңгемен

Депозиттер түрлері

| Банктер және |
| банк операция. | Заңды
| ларының жеке. | тұлға.
| леген түрлерін | лар
| жүзеге асыра. |
| тын ұйымдар |

Ағымдағы шоттар

Барлығы, оның ішінде
кредиттік серіктес.
тікке қатысушылар

о н ы ң

і ш і н д е :

Солар бойынша сыйақы

Барлығы, оның ішінде
кредиттік серіктес.

төленетін ағымдағы
ш о т т а р

тікке қатысушылар

Солар бойынша сыйақы
төленбейтін ағымдағы
ш о т т а р

Барлығы, оның ішінде
кредиттік серіктес.
тікке қатысушылар

Талап ету бойынша
салымдар тікке қатысушылар
о н ы ң

Барлығы, оның ішінде
кредиттік серіктес.

і ш і н д е :

Барлығы, оның ішінде
кредиттік серіктес.

тікке қатысушылар

солар бойынша сыйақы
төленбейтін талап ету
бойынша салымдар тікке қатысушылар

Барлығы, оның ішінде
кредиттік серіктес.

Шартты салымдар
тікке қатысушылар

Барлығы, оның ішінде
кредиттік серіктес.

Мерзімді салымдар
о н ы ң

Барлығы, оның ішінде
кредиттік серіктес.
тікке қатысушылар

і ш і н д е :

Барлығы, оның ішінде
кредиттік серіктес.

бастапқы өтеу мерзімі
1 айға дейінгісі тікке қатысушылар

Барлығы, оның ішінде
кредиттік серіктес.

бастапқы өтеу мерзімі
1 айдан 3 айға дейінгісі тікке қатысушылар

Барлығы, оның ішінде
кредиттік серіктес.

бастапқы өтеу мерзімі
3 айдан 1 жылға дейінгісі тікке қатысушылар

бастапқы өтеу мерзімі
1 жылдан аса 5 жылға
дейінгісі тікке қатысушылар

Барлығы, оның ішінде
кредиттік серіктес.

бастапқы өтеу мерзімі
5 жылдан астамы
тікке қатысушылар

Барлығы, оның ішінде
кредиттік серіктес.

Басқа да салымдар

Барлығы, оның ішінде
кредиттік серіктес.

тікке қатысушылар

Депозиттер жиынтығы

Барлығы, оның ішінде
кредиттік серіктес.
тікке қатысушылар

Анықтама ретінде: Салымдар бойынша орташа алынған ставка (пайызбен)

Солар бойынша сыйақы төленетін ағымдағы шоттар

Солар бойынша сыйақы төленетін талап ету бойынша салымдар

Шартты салымдар

М е р з і м д і

с а л ы м д а р

белгіленген

ставкамен

өзгермелі

ставкамен

Бірінші басшы -----

М . О .

Бас бухгалтер _____

Орындаушы -----

телефон

Кредиттік серіктестіктердің және
ипотекалық компаниялардың қаржылық
есеп пен қаржылық есепке қосымша мәліметтер
беру тізбесі, нысандары мен мерзімдері
туралы Нұсқаулыққа 7-қосымша

К ө н і л а у д а р ы ң ы з !

*ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 179
қаулысымен Нұсқаулықтың 6-тармағы алынып тасталды, қаулы 2005 жылғы 1
ақпаннан бастап қолданысқа енгізіледі.*

Р Н Н

н ө м і р і

О К П О

к о д ы

Б Б К

Ж Б К

Т і р к е у

н ө м і р і

Қ ы з м е т

т ү р і

О р н а л а с қ а н

ж е р і

Ипотекалық заемдарға қызмет көрсету жөніндегі есеп

(ипотекалық компанияның толық атауы)
 _____ жылғы " ____ " жағдай бойынша

мың теңгемен

N |Банктің, банк|Сенім. | Сыйақы |Ипотекалық | Алынуға тиіс
 р/с|операциялары.|герлік |ставкасы| заемдар | аннуитеттік төлемдер
 |ның жекелеген|басқару|(орташа | б-ша алған| _____
 |түрл. жүзеге |шарты. |жылдық),|құқықтардың|Бар. |Негіз.| Бар.
 | асыратын | ның | пайыз. | талаптардың|лығы, | гі |лығы,
 | ұйымның- |нөмірі | бен | жалпы |оның |борыш |оның
 |серіктесінің | және | | сомасы |ішінде| |ішінде
 | атауы | күні | | | | |

1 2 3 4 5 6 7 8

Б а р л ы ғ ы :

т а б л и ц а н ы ң ж а л ғ а с ы

Оның ішінде мерзімі |Өтел.|Берілген күнінен бастап |Ипотека.|Сенім.
 өткен берешек |меген| Аннуитеттік төлемдер | лық |герлік
 _____|өсім.| компаниясына нақты |заемдар |басқару
 Бар. |Негіз.|Есеп. | пұл | аударылғаны |бойынша |шарты
 лығы, |гі |тел. |(айып. _____)|несиелік|бойынша
 оның |борыш |ген | пұл)| Бар. |Негіз.|Сый.|Өсім.|берешек.|есеп.
 ішінде| |сыйақы|қалды. лығы,| гі |ақы | пұл | тің |телген
 | | | ғы |оның |борыш | | |қалдығы |сыйақы
 | | | | і ш і н д е | | | |

9 10 11 12 13 14 15 16 17 18

т а б л и ц а н ы ң ж а л ғ а с ы

Қайта сатып | Ескертулер

алу міндет. | (мерзімі
темесі үшін | өткен деп
есептелген | табылған
сыйақы | шарттар
| бойынша
| түсінікте.
| мелер)

1 9

2 0

Бірінші басшы -----

М . О .
Бас бухгалтер -----

Орындаушы -----

телефон